

**Арыс қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 28/160-VIII " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 43/246-VIII шешімі

Арыс қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арыс қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №28/160-VIII " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6647-13 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына," деген сөз "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 33 бабының 1-тармағының 5) тармақшасына," сөзіне ауыстырылсын.

7 тармақ, 4) тармақшаның 5 және 6 бөліктері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Қ.Ахметов*